



Әміре Әбәнінде білетінім

Әлі есімде, 1926 жылы Қазақстан Мемлекеттік театры тұңғыш рет ел аралауға шықты. Барлығы жиырма бір адам едік. Қызылордадан шығып, Түркістан, Шымкент, Әулие-Ата, Пішпек, одан Алматы келдік.

Концерт әншілерінің ағасы Әміре Қашаубайұлы болатын. Әсіресе, Әміреге бір риза болған жеріміз, Қарқара жәрмеңкесінде болды. 1916 жылдың «Албан» көтерілісіне 1926 жылы 10 жыл толып, соны өткізуге





Қызылордадан келдік. Алматыдан уәкіл келді. Бір күні ертемен екі-үш мыңдай кісі жиналды, Алматыдан келген уәкілдер 1916 жылғы патшаға қарсы көтеріліс туралы баяндама жасады. Соңынан қазақ артистерінің бастығы Әміре болып концерт берді.

Артистер күн ұзын демонстрацияға қатысқанына қарамастан, концертті жақсы өткізді. Әсіресе, жұрттың ынтамен тыңдағаны Әміре әндері болды. Әміре шығады дегенде, жыйылған жұрт қол соғып, сахнаға құрметпен шақырып алып отырды.





Әміре жайтаңдаған бойы, көпке басын
иді де, орындыққа отыра салып,
шалқып даусын бір көтеріп алды да
қоңыраулатты. Біраз әнді айтып кетпек
болып еді, жұрт үсті-үстіне қол соғып
жібермеді. Әміре «Жалғыз арша»,
«Сырғақты», «Смет», «Қанапия»
сыяқты әдемі әндерді айтты. Әміренің
бұдан басқа сан үздік шыққан жерін
көрген едік. Есте қалғанның бірі осы.

